

«Ата-анамен күнделікті қарым-қатынас барысында баланың тілін дамыту»

Мақсаты:

Ата-аналарға күнделікті қарым-қатынас кезінде баланың сөйлеу қабілетін дамыту жолдарын түсіндіру, сөздік қорын молайтуға және өз ойын еркін жеткізуге көмектесетін қарапайым әдістермен таныстыру.

Құрметті ата-аналар!

Баланың сөйлеу қабілеті ең алдымен отбасындағы күнделікті қарым-қатынас арқылы қалыптасады. Балаға арнайы сабақ өткізбей-ақ, күнделікті тұрмыста сөйлесу, сұрақ қою, кітап оқу, ойын ойнау арқылы оның тілін дамытуға болады.

Баланың тілін күнделікті қалай дамытуға болады?

1. Баламен көбірек сөйлесіңіз.

Күнделікті жасап жатқан ісіңізді сөзбен айтып отырыңыз:

«Қазір көкөністерді жуып жатырмыз», «Дастархан дайындайық», «Ойыншықтарды бірге жинайық».

2. Балаға сұрақ қойыңыз.

Балабақшадан немесе серуеннен кейін:

«Бүгін балабақшада не істедің?»

«Қандай ойын ойнадың?»

«Серуен кезінде нені көрдің?»

«Саған не ұнады?»

Баланы толық жауап беруге ынталандырыңыз.

3. Кітап оқыңыз.

Күн сайын ертегі немесе қысқа әңгіме оқып беріңіз. Оқып болған соң кейіпкерлер туралы сұраңыз. Баладан оқиғаны өз сөзімен айтып беруін өтініңіз.

4. Суреттермен жұмыс жасаңыз.

Суретке қарап: «Мынау кім?», «Не істеп жатыр?», «Түсі қандай?», «Одан кейін не болуы мүмкін?» деген сұрақтар қойыңыз.

5. Сөздік ойындар ойнаңыз.

Бос уақытта мынадай ойындарды қолдануға болады:

«Бұл қандай?»

«Бір сөзбен ата»

«Қарама-қарсы сөзді тап»

«Сөйлемді аяқта»

«Сөз ойлап тап»

«Не өзгерді?»

«Артық затты тап»

6. Баланың қателігін дұрыс түзетіңіз.

Бала сөзді дұрыс айтпаса, ұрыспаңыз және мазақ етпеңіз. Дұрыс нұсқасын жай ғана қайталап айтыңыз.

Мысалы:

Бала: «Машина тез жүрді».

Ата-ана: «Иә, машина өте тез жүрді».

Баланы тыңдау да маңызды

Бала сөйлеп жатқан кезде оның сөзін бөлмей, соңына дейін тыңдаңыз. Ойын немесе әңгіме барысында өз ойын айтуына мүмкіндік беріңіз.

«Дұрыс сөйлемейсің», «Сен кішкентайсың, түсінбейсің» деген сөздерден аулақ болған жөн.

Оның орнына:

«Тағы бір рет айтып көрші», «Мен сені тыңдап тұрмын», «Өте жақсы айттың», «Толығырақ айтып берші» деген қолдау сөздерін пайдаланыңыз.

Ата-аналарға арналған күнделікті ереже

Күн сайын:

баламен әңгімелесуге уақыт бөліңіз;

кітап немесе ертегі оқыңыз;

күн ішінде болған оқиғаларды бірге талқылаңыз;

жаңа сөздерді үйретіңіз;

сөздік ойындар ойнаңыз;

баланың әңгімесін мұқият тыңдаңыз;

әрбір жетістігін мадақтап отырыңыз.

Қорытынды

Баланың тілін дамыту – балабақша мен ата-ананың бірлескен жұмысы. Күнделікті қарапайым әңгіме, ойын, кітап оқу және баланы тыңдау арқылы оның сөздік қоры молайып, сөйлеу мәдениеті қалыптасады.

«Балаға берілген жылы сөз – оның тілін ғана емес, жүрегін де дамытады!»